

Теология факультеті

Дінтану кафедрасы

**6B02228 – ДІНТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ


- ▶ 6B02228-Дінтану білім беру бағдарламасы дін бойынша ақпаратты тарату, әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және пайдалану саласында бакалаврларды дайындауға арналған. Білім беру бағдарламасы «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (04.07.2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 бұйрығымен өзгеріс енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №634 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» нормативтік-құқықтық негізде қамтылған.
- ▶ Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының рухани жаңғыруын жеделдету және діни ресурстарды қолдану арқылы халықтың діни сауатын арттыру мақсатында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының ғылыми және практикалық міндеттерін шешуге бағытталған жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау принципіне негізделген.

- ▶ Білім беру бағдарламасының жалпы құзыреттер негізінде кәсіби құзыреттері мен оқыту нәтижелері айқын қалыптастырылған. 6B022-Гуманитарлық ғылымдар Білім беру бағдарламасы зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастыру, кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негізіндерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолдану, гуманитарлық салада инновациялық технологияларды қолдана отырып, тарих ғылымдарының теориялық-методологиялық зерттеу әдістер кешенін меңгеру құзыреттерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар Дінтану ғылымы салаларының негізгі қағидалары туралы білімдері мен түсініктерін кәсіби міндеттерді шешуде талдау, жүйелеу арқылы ғылыми жобаларды жүзеге асыру дағдысын көрсете отырып, білім беру және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыруда өз көзқарасын дәлелдеуге қабілетті екендігін көрсетеді.

Түлек атрибуттары

- кәсіби қызметінде ұйымдастыру және басқаруда инновациялық технологияларды қолдануға қабілетті;
- күрделі мәселерді шешуде сыни ойлау мен шығармашылықты көрсетеді;
- мәдениетаралық, этносаралық, конфессияаралық қатынастарда толерантты;
- отансүйгіш, рухани-ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат;
- адал, мейірімді және мақсатшыл әрі еңбекқор.

Дінтану білім беру бағдарламасы түлектердің моделі



- 1.Кәсіби білімді игеру;
- 2.Коммуникативті дағдыларды қолдану
- 3.Оқу процесінде негізгі әдістері мен әдіснамасын меңгеру, қолдану;
- 4.Ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
5. Оқу үрдісінде тәжірибе жинақтау;

Түлектердің кәсіби қызметі

- Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау;
- Кәсіби қызметтің барысында пайда болатын мәселелердің ғылыми сипатын анықтау мүмкіндігі, оларды шешу үшін тиісті дінтанулық ақпаратты тарту;
- Діни-рухани және моральдық құндылықтарды білу;
- Діндердің құқықтық және идеялық негіздерін білу ;
- Діни қозғалыстар мен діни мәселелерге талдау жасау;

6B022-Гуманитарлық ғылымдар (Дінтану) Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бітіруші келесі құзыреттерге ие болуы тиіс:

- 1) гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласының негізгі ілімдері туралы білуі;
- 2) Дінтану ғылымындағы әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдамалары мен іргелі пәндердің өзекті мәселелерін білуі;
- 3) өз кәсібінің мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуі;
- 4) ғылыми-зерттеу, оқыту, тәрбие, қарым-қатынас және еңбек саласындағы психологиялық және педагогикалық факторлардың рөлін және қолданбалы сипаттағы мәселелерді шеше білуі;
- 5) магистратура, докторантурада білімін жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу дағдыларын меңгеруі тиіс.

6B02228 – Дінтану ББ оқыту нәтижелері

ББ Мақсаты: Заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыру мақсатында дінтану бойынша толыққанды, сапалы кәсіптік білім мен кәсіби құзыретті түлектерді дайындау;

- ▶ ОН5. Дінтану ғылымы салаларының негізгі қағидалары туралы білімдері мен түсініктерін кәсіби міндеттерді шешуде қолданады.
- ▶ ОН6. Дінтанудан алған білімдерін қоғамдағы дінтанулық - аксеологиялық, әлеуметтік-мәдени, діни – рухани үдерістерді тұжырымдауда көрсетеді.
- ▶ ОН7. Діни мәселелер төңірегінде дінтанулық талдау, сараптама және мониторинг жасау барысында діни-құқықтық нормаларды қолданады және іске асырады .
- ▶ ОН8. Дін ағартушыларының дәстүрлі идеялары мен ілімдерін тәжірибеде пайдаланады.
- ▶ ОН9. Діни ақпарат көздері мен объектілерін сараптай отырып, діни ахуалды тұрақтандыруды қамтамасыз ету міндеттерін шешеді.

Өндірістік тәжірибе бойынша келісім-шарт жасалған

6B02228 – Дінтану
“Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы”
Түркістан облысы Дін істері басқармасы
Түркістан облысы Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы
Ахмет-Яссауи Түркістан облыстық мешіті
ҚМДБ Түркістан облысы өкілдігі

**2023-2024 оқу жылы қабылданатын білімгерлер үшін
6B02228 – Дінтану білім беру бағдарламасын жаңартуға
негіздеме**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, **қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқарды.**
2. 240 кредитті 260 кредитке көбейтілді. Себебі Түркия әріптестіктерімен сыртқы ұтқырлықты көбейту мақсатында.

2. Сипаттамасы ұқсас және оқыту нәтижелері бар қайталанатын пәндерді жою:

БББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, оның ішінде ЖББП 14 пән қысқартылды:

1. Кәсіби цифрлық технологиялар
2. Мәңгілік Ел
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері
4. Діни радикализм психологиясы
5. Дін және этнопедагогика
6. Дін және этнопсихология
7. Әлеуметтік педагогика
8. Діни педагогика
9. Педагогикалық технологиялар
10. Педагогикалық шеберлік
11. Діни білім беру психологиясы
12. Мұсылмандық білім беру педагогикасы
13. Діни білім беру социологиясы
14. Ұлттық тәрбие негіздері
15. Қайта тәрбиелеу педагогикасы
16. Дін және саясат
17. Кәсіби оқытудың инновациялық технологиялары
18. Салыстырмалы педагогика

3. ББ-ға қосылған жаңа пәндер:

1. Қаржылық сауаттылық
2. Академиялық жазбаға кіріспе
3. Икемді дағдылар
4. Көшбасшылық теориясы
5. Дін феноменологиясы
6. Діндер тарихы I, Діндер тарихы II
7. Діни мәтіндер түсіндірмесі

4. Оқыту нәтижелері, пән сипаттамалары талапқа сәйкес қайта жазылды.

Арнайы (кәсіби) құзыреттері:

- Дінтанудан алған білімдерін қоғамдағы дінтанулық - аксеологиялық, әлеуметтік-мәдени, діни – рухани үдерістерді тұжырымдауда көрсетеді;
- Діни мәселелер төңірегінде дінтанулық талдау, сараптама және мониторинг жасау барысында діни-құқықтық нормаларды қолданады және іске асырады;
- Дін ағартушыларының дәстүрлі идеялары мен ілімдерін тәжірибеде пайдаланады;
- Діни ақпарат көздері мен объектілерін сараптай отырып, діни ахуалды тұрақтандыруды қамтамасыз ету міндеттерін шешеді.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

Өндірістік тәжірибе бойынша келісім-шарт жасалған

Жұмыс берушілермен тығыз байланыс, өзара ынтымақтастық меморандумдары мен келісімдер

Білім беру бағдарламасы бойынша

Қазақстандық университеттермен серіктестік жұмыстар орнатылған

Шетелдік жетекші университеттермен келісім шарт жасалған

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

6B02228 – Дінтану

Курс	Грант	Квота	ТТЕ грант	Ақылы	Барлығы
1 курс	9	1	-	2	12
2 курс	38	8	-	-	46
3 курс	8	10	-	-	18
4 курс	12	3	-	-	15
Барлығы	67	24	-	-	91

6B02228 - Дінтану Білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Білім беру бағдарламасы пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу картасы (№2 қосымша - 2023-2024)

Курстар	Оқу әдебиеті	Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер	Жалпы
	саны	саны	саны
1	68	60	128
2	72	66	138
3	30	21	51
4	14	10	24
Жалпы	184	157	341

Білім беру бағдарламасы пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу картасы (№8 қосымша - 2023-2024)

Курстар	Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер саны
1	54
2	63
3	26
4	13
Жалпы	156

SWOT талдау

S (strenght) – Күшті жақтары:

1. Білім беру, нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жетілдіру
2. Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық
3. Бакалавр, магистратура деңгейінде мамандар даярлаудың үздіксіз жүйесін жүзеге асыру
4. Әр түрлі оқыту формалар мен оқыту әдістері, технологиялары қолданылуы

Әлсіз жақтары (Weaknesses):

1. Іс-тәжірибе базасында теориялық оқу аудиторияларының жетіспеушілігі
2. ОПҚ шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлыққа тарту жеткіліксіз.

6B02228 – Дінтану БББ

Мүмкіндіктер (Opportunities)

1. Жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын дамытуға белсенді қатыстыру
2. БББ студенттерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру
3. Тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін өндірістен мамандарды оқу процесіне тарту
4. Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықты жандандыру
5. Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша мамандар даярлау
6. Түркия жоғары оқу орындарында мақсатты оқыту есебінен магистрлер мен докторлардың академиялық дәрежелері бар оқытушылар санын арттыру

Қауіптер (Threats):

1. Талпкерлердің базалық дайындығының төмендігі
2. Білім алушылардың білім сапасының төмендігі
3. Жұмысқа орналасу бойынша заңды тұлғалардың заңнамалық жауапкершілігінің болмауы
4. Төлем ақыны төлей алмау
5. Мемлекеттік тапсырысқа тәуелділік.